

А.У. Сатыбалдиева ¹ З.К.Мырзалиева²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²SILKWAY Халықаралық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ «МӘДЕНИЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫН ЕНГІЗУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бейіндік оқыту мектеп оқушыларын педагогикалық, психологиялық, ақпараттық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қолдау арқылы жоғары сынып оқушыларының болашақта білімдерін жалғастыруда дұрыс жол таңдауға көмектеседі. Элективті курстар жалпы білім беру мекемелеріне жаңадан енгізілгендіктен, оған қатысты нормативтік құжаттар және әістемелік материалдар әлі де жеткіліксіз. Көптеген мұғалімдер мектепте бейіндік оқытудың мақсаттары мен міндеттері, оны іске асырудың түрлері мен әдістері туралы толық ақпаратпен қамтамасыз етілмеген, оқушыларға қызықты және пайдалы болатын элективті курстардың бағдарламаларын құра алмайды. Сондықтан қазіргі кезде элективті курстар бойынша ақпараттарды жүйелеу және оны өткізудің әдістемелік ерекшеліктерін табу, өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мақалада Жаратылыстану-математика бағытындағы сыныптар үшін «Мәдениет географиясы» атты элективті курстың бағдарламасы берілген. Сонымен қатар, «Мәдениет географиясы» курсының әдістемелік құрылымы жасалған.

Түйін сөздер: элективті курс, мәдениет географиясы, бағдарлама, жылдық жоспар, әдістемелік құрылым.

A. U. Satybaldieva ¹, Z. K. Mirzalieva²

¹Kazakh national pedagogical university named after Abay,
Almaty, Republic of Kazakhstan

²SILKWAY International university,
Shymkent, Republic of Kazakhstan

PEDAGOGICAL FOUNDATIONS FOR THE INTRODUCTION OF ELECTIVE COURSES «GEOGRAPHY OF CULTURE» IN GENERAL-EDUCATION SCHOOLS

Abstract

Specialized training helps high school students choose the right path to continue their education in the future, providing pedagogical, psychological, informational and organizational support to students. Due to the fact that new elective courses are being introduced in General education institutions, there are still not enough regulatory and reference materials. Many teachers cannot create elective courses that will be interesting and useful for students, because the school does not provide detailed information about the goals and objectives of specialized training, types and methods of its implementation. Therefore, one of the most pressing issues today is the systematization of information about elective courses and the identification of methodological features of its implementation. The article presents the program of the elective course "Cultural geography" for mathematical students. In addition, the methodological structure of the course "Cultural geography" was developed.

Key words: elective course, geography of culture, program, annual plan, methodological structure.

А.У. Сатыбалдиева¹, З.К. Мырзалиева²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Республика Казахстан

²SILKWAY Международный университет,
г. Шымкент, Республика Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ВНЕДРЕНИЯ ЭЛЕКТИВНОГО КУРСА «КУЛЬТУРНАЯ ГЕОГРАФИЯ» В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Аннотация

Профильная подготовка помогает ученикам старших классов выбрать правильный путь для продолжения обучения в будущем, предоставляя педагогическую, психологическую, информационную и организационную поддержку школьникам. В связи с тем, что в общеобразовательных учреждениях вводятся новые элективные курсы, все еще недостаточно регламентирующих и справочных материалов. Многие учителя не могут создавать программы элективных курсов, которые будут интересны и полезны для учащихся, поскольку в школе не предоставлена подробная информация о целях и задачах профильного обучения, видах и методах его реализации. Поэтому одним из наиболее актуальных вопросов сегодня является систематизация информации об элективных курсах и выявление методологических особенностей ее реализации. В статье представлена программа элективного курса «Культурная география» для математических направлений. Кроме того, была разработана методологическая структура курса «Культурная география».

Ключевые слова: элективный курс, география культуры, программа, годовой план, методическая структура.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі жастардың білімінің тереңімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-жақты дамытуда, білім беруде ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең рухани бай азамат дайындау. ХХІ ғасырда еліміздің білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі – оқытудың сапасын арттыру мақсатында білім беру саласында білім беру жүйесін модернизациялау. Модернизациялаудың құрамды бір бөлігі ол бейіндік оқыту. Жоғары сыныптабейінді оқытуды қалыптастыру мақсатында элективті курстар, ақпараттық жұмыстар жүргізу.

Элективті курс жоғары сынып оқушылары үшін міндетті болып табылады, олар мектеп компоненті есебінен жүзеге асырылады. «Electus» сөзі латын тілінен таңдамалы, таңдаулы деген мағынаны білдіреді. Демек, оқу жоспарында «таңдаулы» деп аталатын кез-келген курс таңдалуы керек. Элективті курстар орта мектеп деңгейінде бейіндік білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Элективті курстар ең алдымен, әрбір оқушының жеке білім беру мүдделерін, қажеттіліктері мен бейімділігін қанағаттандыруға байланысты. Дәл осылар жеке білім беру бағдарламаларының қалыптасуының маңызды құралы және сонымен қатар әрбір оқушының таңдауына тығыз байланысты, білім мазмұны олардың қызығушылығына, қабілеттеріне келесі өмірлік жоспарына тәуелді. Элективті курстар біздің еліміздің қазіргі заман білім беру тәжірибесінде жалпы білім беретін мектептерде 8-9 сыныптарындағы бағдарлы дайындыққа дайындау кезінде және 10-11 сыныптардағы бағдарлы оқыту негізінде енгізілуде [1].

Негізгі бөлім. Мектепке элективті курсты енгізе отырып, оған бағдарлама мен оқу құралы қажеттігі мен қоса оны оқытудың толық әдістемелік жүйесі керек екендігін ескеру қажет. Элективті курстардың жұмыстарын ұйымдастыру келесі ретке сәйкес жүргізіледі:

- 1) оқу пәндері мен ендірілетін элективті курстардың жиынтығы анықталады;
- 2) оқушы өзінің қызығушылығына, жоспарлаған кәсібіне байланысты таңдаған профилі мен оған қатысты элективті курстарға сәйкес жеке жоспар құрылады;
- 3) сараптаудан өткізілген соң, мектептің келесі оқу жылына оқу жоспары жасалады;
- 4) соған сәйкес сабақ кестесі құрылады. Сабақ кестесінде сыныптар, элективті топтар, қатар жүретін базалық топтар және қатар жүретін профильді топтар ескеріледі [2].

Еліміздің келешегі жас ұрпақты жеке тұлға ретінде дамыту мен тәрбиелеуде, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеуде, ғылыми географиялық таным негізінде дүниедегі өз орнын анықтауда, география пәні үлкен рөл атқарады. Сондықтан адамның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде географиялық мәдениетті қалыптастыру аса өзекті мәселе болып табылады, ол үшін ең алдымен мектеп географиясы жауап береді. Жалпы адамзаттық мәдениет пен білім беру үшін географияның рөлі мен маңызы туралы М. В. Ломоносов, А. Н. Радищев, Н. В. Гоголь, В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, К. Д. Ушинский, К. Г. Паустовский және басқа да бірқатар мәдениет қайраткерлері айтып, жазды. Географияда әлемнің таңғажайып құбылыстары ғылыми түрде зерттеледі. Бұл білімнің синтезі қазіргі географияны сипаттайды. Мәдениет географиясы географиялық ортаны мәдениет арқылы тануға, адамның табиғатқа, қоғамға қатынасын реттеуге, жеке тұлғаның рухани дамуына ықпал етеді.

Жаратылыстану-математика бағытындағы сыныптар үшін біз құрастырған «Мәдениет географиясы» атты элективті курс, 10-сынып үшін 34 сағатқа есептелген. География пәнінен қолданбалы курстың бағдарламасы (жаратылыстану-математика пәндерінің саласы) 1-кестеде толық берілген.

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Сабақтың түрлері
1	Кіріспе. «Мәдениет», «өркениет», «географиялық мәдениет» ұғымдарының мәні, оны ғылыми салаларына қолданудың ерекшеліктері	1	Деріс сабағы
2	Өркениет ошақтары және оның таралуы. Өлеңдік өркениет құрамдас бөлігіндегі Қазақстан. Өлеңдік мәдени және тарихи мұралар	2	Деріс сабағы
3	Өлеңнің рухани мәдениеті географиясы	2	Зерттеу сабағы
4	Өлеңдік мәдениеттің халықтың діни белгілері бойынша өзгеруі. Өлеңдік мәдениеттің халықтың діни белгілері бойынша өзгеруі	1	Топтық жарыс, картамен жұмыс
5	Қазіргі дүниедегі этномәдени аймақтар	2	Семинар
6	Өнердің географиялық орталықтары. Сәулет географиясы, түрлі сәулет стильдерінің географиясы	1	Конференция
7	Геомәдени көзділік. Мәдениеттің дамуындағы аумақтардың рөлі	1	Деріс
8	Мәдениет географиясы және өнер	2	Кейс-стади
9	Алғашқы мәдени ландшафттар	2	Деріс
10	Сурет өнерінің атақты авторларының географиялық аумақтары және оның шығармалары	2	Эссе
11	Сәулет географиясы, түрлі сәулет стильдерінің географиясы	2	Семантикалық кесте
12	Материалдық мәдениеттің географиялық аспектілері	2	Жеке жұмыс
13	Қала және бау-бақша құрылымы өнері	2	Топтық жарыс
14	Архитектуралық құрылыстар. Ескерткіштер (артефакттар)	2	Дебат
15	Материалдық мәдениеттің географиялық аспектілері	4	Жоба
16	Мәдениет орындарына экскурсиялар ұйымдастыру	6	Қорытынды экскурсиялар

Кесте 1. «Мәдениет географиясы» курсының жылдық жоспары
(Аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат)

Білім алушылардың *географиялық мәдениетін* қалыптастыру – бұл қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарды үйлестірудің тәсілі, біздің ғаламшарымызды сақтауға бағытталған, қоғамның саналы әлеуметтік- экономикалық қызметі туралы және үш құнды қағидаттың бар екендігі туралы түсінік береді: Табиғат, Адам, Қоғам. Мәдениет (латынша cultura - өсіру, тәрбиелеу, білім беру, даму) - қоғамның тарих айқындалған даму деңгейі, адамның шығармашылық күш-қуаты мен қабілеті, ол адамдардың өмір мен іс-әрекетін ұйымдастыру типтері мен үлгілерінен, сондай ақ олар жасаған материалдық және рухани құндылықтардан көрінеді.

Бүгінгі адамзат – бұл кешегі іс-әрекеттердің жемісі, бейімделу мен зерттеу мақсатында жер табиғатын алдымен өзінің өмір сүру мүддесіне қарай зерттеу, содан кейін дамыту. Білім алушыларды өмірде, табиғатта, қоғамда және мемлекетте мәдени мінез- құлыққа тәрбиелеуде географияның маңызы зор. Сондықтан адамның ішкі мәдениеті мектепте қаланғандықтан, бұл мәселені шешуде асыра бағалау мүмкін емес. Географиялық білім мәдениет географиясының қалыптасуының негізі болып табылады [3].

Мәдениет қоғамдық құбылыс ретінде сан қырлы болады. Бұл термин халықтың аймақтық топтарына, этностарына, ұлттық қауымдастықтарға тән өнер мен әдебиет, дүниетаным, салт-дәстүрлер, мінез-құлық, діни сенімдер, өмір салты мен өндірістік дағдыларды біріктіреді [4].

Ұсынылып отырған элективті курстың *өзектілігі* қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарды үйлестірудің тәсілі ретінде білім алушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыру қажеттілігімен анықталады.

«Мәдениет географиясы» курсының негізгі *мақсаты* – оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыру, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді географиялық білім негізінде шеше алу және географиялық білімді өздігінен меңгере отырып, оны қоғамдық, саяси, мәдени және күнделікті өмірге қолдана білу дағдыларын меңгерту.

«Мәдениет географиясы» курсының *міндеттері*:

- мектеп оқушыларына әлемнің географиялық бейнесін, оның өзгеруі мен қалыптасуының ерекшеліктерін түсіндіру;
- әлемнің және Қазақстанның түрлі аумақтарындағы географиялық мәдениет ерекшеліктеріне талдау жасау;
- заманауи қоғамдағы ірі аумақтық құрылымдардың өркениеттік ерекшеліктерін салыстыру;
- оқушыларға дүниежүзі елдерінің халқын олардың салт-дәстүрлерін, дінін, мәдениетінен кеңірек оқытып үйрету.

Курстың *жаңалығы* географиялық білім беру жүйесінің аясында оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыратын, мәліметтерді өңдеуде өмірмен байланыстыру мүмкіндіктерімен сипатталады. Оқушылар ақпаратты жинауға, мәтінде көрсетілген ақпаратпен жұмыс істеуге үйренеді, нақты тұжырым жасауға, логикалық баяндауға және өз көзқарасын дәлелдеуге үйренеді.

«Мәдениет географиясы» курсына оқушылар географиялық мәдениеті мен білімін жетілдіріп, түрлі тақырыптық карталармен жұмыс істей білуді, курс бойынша алған білімін ғылыми зерттеушілік жұмысқа бағыттауды, мамандыққа бағдар алуды үйреніп, әдебиеттер мен қосымша көрнекіліктерді тиімді пайдалану арқылы зерттеушілік қабілетін дамыта алады.

Элективті курстың бағдарламасы оқушылардың сынып және үй жұмыстарына берілген шығармашылық тапсырмаларды орындауда білім мен ақпаратты өз бетінше іздестіру дағдыларын дамытуға ықпал етеді (ғылыми мәтіндермен жұмыс, оқулық пен Атлас карталары бойынша ақпаратты талдау, контурлық картамен жұмыс, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді картаға түсіру, қажетті ақпаратты іздеу, сондай-ақ БАҚ пен интернеттегі ақпаратты саралау).

Курс білім алушылар үшін көптеген мүмкіндіктер береді: оқушылар ең маңызды әлеуметтік-экономикалық ұғымдарды меңгереді; логикалық ойлауды дамытады және өз бетінше проблемаларды шеше алады; шағын топтарда жұмыс істеу технологиясын меңгереді; география бойынша статистикалық деректерді, диаграммаларды және кешенді карталарды талдай алады.

«Мәдениет географиясы» курсына пәнаралық байланыстар (мәдениеттану, экономикалық география, тарих, әдебиет, экономика, дінтану, әлеуметтану т.б.) жүзеге асырылады, бұл оқушылардың жалпы алғанда дүниетанымын кеңейтумен қатар, әлемнің географиялық бейнесін қалыптастыруына ықпал етеді. «Мәдениет географиясы» курсының әдістемелік құрылымының сызбасы 2-кестеде берілді.

Кесте 2 - «Мәдениет географиясы» курсының әдістемелік құрылымы

Курсты ұйымдастыру формалары	1. интерактивті дәріс (білім алу) 2. селкинарлар (талдау, деректерді жұпелеу) 3. әңгіме 4. карталармен және статистикалық материалдармен практикалық жұмыстар 5. шығармашылық жұмыстар (ой-өрісін кеңейту, ақпаратқа қызығушылық)
Бақылау нысандары	1. тақырып бойынша сынақ алу үшін, шығармашылық жұмыс (іскеніс) 2. тестілеу (тақырып бойынша аралық немесе қорытынды сынақ алу үшін) 3. өзіңдік жұмыстар (аралық бақылау) 4. шығармашылық жұмыс (іскеніс)
Оқыту ұстанымдары	1.Ғылымилық 2. Байланыстылық 3. Қызығушылық 4. Үздіксіздік 5. Әлсіздік-аймақтық ұстаным 6. Кіріктіру ұстанымы
Талдау курсымен жүргізуде қолданатын инновациялық технологиялар	1.Модульдік оқыту технологиясы. 2.«Сыни тұрғыдан ойлау мен жалғу» стратегиялары 3.Интерактивті технологиялар 4.«Ғылыми жобалау әдістемесі» бағдарламалары 5.Дебат технологиялары
Зерттеу әдістері	1.Әлеуметтік талдау синтез, қорыту, абстракция. 2.Проблемалық әдістер: мәселені талдау болжам жасау қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайды анықтау, болуы ықтимал нәтижені алдын-ала болжау күтілген нәтижені бақыланған құбылыспен салыстыру
Күтілетін нәтижелері	1. Болашақ мамандық иелері үшін, географиялық білімдерді және географиялық талдау әдістерін меңгерудің маңыздылығын негіздеу. 2. Шаруашылықты кәсіптік ұйымдастыруға өзін өзінің табиғи, әлеуметтік және экономикалық факторлар туралы білімі толықтыру және тереңдету. 3. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.

Қорытынды. Қазіргі таңда дүниежүзілік қауымдастықта білім сапасын көтеру өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл мәселелердің шешімі білім мазмұнын жаңартумен, білім беру үдересін ұйымдастыру технологиялары мен тәсілдерін оңтайландырумен, сондай-ақ білім берудің мақсаты мен нәтижелерін қайта ойластырумен байланысты.

Қорыта келе, «Мәдениет географиясы» элективті курсын оқып-үйрену оқушы білімінің сапасын арттыру арқылы өзіндік тұжырымын, көзқарасын қалыптастыру, дүниетанымын жетілдіріп, теориялық ұғымдарды практикалық тұрғыда жүйелі ұштастыру нәтижесінде іскерлік, біліктілігін дамытады. Аталған элективті курсты оқыту барысында оқушыларды статистикалық, картографиялық деректерді, Интернет жүйесі ақпаратын өз бетімен өңдеуге үйрету, жалпы дүниені тұтас түрде көре білуге, басқа халықтардың тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарай білуге тәрбиелеу жүзеге асырылатын болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ермаков Д.С., Петрова Г.Д. Создание элективных учебных курсов для профильного обучения. // Школьные технологии-2003, №6.23-29 с.
2. <https://baribar.kz/student/1758/orta-mektepte-elektivti-kurstardy-uy/>
3. Белгібаев М.Е., Каймулдинова К., Мазбаев О.Б., Сабденалиева Г.М. Географиялық және экологиялық мәдениет ұғымдары және оның кейбір аспектілері // Вестник КазНПУ. Серия «Естественно-географические науки». -2010 - №4 – 4-6 бб.
4. Каймулдинова К. Басқарудың географиялық негіздері. Оқу құралы. - Алматы: «Эверо» баспасы, 2015. – 160 бет